**2000 жылы туған ер азаматтарды 2017 жылы шақыру учаскесінде тіркеуді ұйымдастыру туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 ақпанда № 4152 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңына сәйкес, Қаражал қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2017 жылдың сәуір айына дейін 2000 жылы туған ер азаматтарды "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Меншік нысанына және бағыныштылығына қарамастан Қаражал қаласының және Жәйрем кентінің кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және оқу орындарының басшылары "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесіне 2000 жылы туған, шақыру учаскесінде тіркеуге жататын азаматтардың тізімін белгіленген нысанда ұсынсын.

3. Жәйрем мен Шалғы кенттерінің әкімдері 2000 жылы туған жасөспірімдердің " Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінің комиссиясына ұйымдастырылған және міндетті келуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары М. Мұқашеваға жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

*Қаражал қаласының әкімі* *Қ. Шорманбаев*

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қазақстан Республикасы қорғаныс*
*Министрлігінің Қарағанды облысы*
*Қаражал қаласының қорғаныс істері*

*жөніндегі бөлімі" республикалық*
*мемлекеттік мекемесінің бастығы*
____________ *М. Исатаев*

2017 жыл "27" 01

*"Қазақстан Республикасы ішкі істер*
*Министрлігінің Қарағанды*
*облысының ішкі істер Департаментінің*
*Қаражал қаласының ішкі істер бөлімі"*
*мемлекеттік мекемесінің бастығы*
___________ *А. Тәкібаев*

2017 жыл "27" 01

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК